

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

- Ынталандырудың материалдың түрінен бөлек, материалдық емес ынталандыруды жетілдіру арқылы персоналдардың шығармашылық қабілеттілігін арттыру;
- Түрлі семинар мен тренингтер түрінде іс-шаралар жүргізу, персоналдарды даярлау және қайта оқытуды тұрақты түрде жүргізу;
- Ішкі қызметкерлерге босаған кез-келген орынға хабарландыру жүргізу, кадрдарлы таңдау ішкі көздерден қарастыру, кадрлық ротация;
- Талдау жүргізіп, психолог және басшымен қызықтырған сауалдар бойынша анкеталар құрастыру;
- Кәсіпорында әрдайым белгілі бір туындаған мәселелер, бастамалар, қызметкерлердің жұмыс барысымен қанаттану жағдайы, т.б. мәселелер бойынша анкеталық сауалнамалар, тестілеу жүргізу.

2. Еңбек ресурсы кәсіпорынның мақсатына жетудегі ең маңызды және қуатты құралы болғандықтан, міндетті түрде оларға қажетті деңгейде көңіл аударылып, ерекшеліктері мен қабілеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық бастамаларға жағдай жасау шартты.

3. Еліміздің ерекшеліктерін ескере отырып, сыннан өткен шетелдік тәжірибенің оңтайлы тұстарын қолдану қажет.

Әдебиеттер:

1. Бочаров В.В. Финансовый анализ. Краткий курс. 2-ое изд. – СПб.: Питер. 2008. – 240 с.
2. «Казахтандем» ЖШС-нің 2012-2015 жылдарға арналған жылдық есебі
3. Оразалин К.Ж. Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы. Алматы, 2014. 296 б.

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бидаулетова М.Ш.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: b.sh.madina@mail.ru

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдар ішінде жоспарлы экономика мен тоталитарлық жүйеден нарықтық экономика мен демократиялық қоғамға өту жолында барлық жүйелерде күрделі реформалар мен қайта құрылымдаулар жүргізу арқылы бірқатар жетістіктерге жетті. Көптеген салаларда нәтижелі жүргізілген реформалар биліктің ең төменгі сатысындағы саяси-әкімшілік басқару жүйесін құруға келгенде алғашқы он жыл ішінде онша сәтті болды дей алмаймыз. Сондықтан тәуелсіздіктен кейінгі онжылдықта ауылдық аумақтардың экономикалық қиындықтарға тап болып, инфрақұрылымның нашарлауы мен халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне ықпал еткен факторлардың бірі – осы деңгейдегі басқару жүйесінің әлсіз болуы. Осы кемшілікті түзетуге Қазақстанның саяси билігі 2000 жылдардан кейін терең көңіл бөле бастады. Ауыл экономикасы мен тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кешенді шаралардың бір компоненті ретінде ауылдық деңгейде жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіруге арналған алғашқы өзгерістер жасалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауының «Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту» тарауындағы мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру мақсатына сәйкес [1], үкімет ауылдық деңгейде саяси-әкімшілік басқару жүйесін жетілдіру бойынша 2020 жылға дейін іске асырылуы көзделген кешенді шаралардың жоспарын жасады. Осы шаралар аясында ауыл әкімдерін сайлау, сайланған әкімдердің құзіретін кеңейту және өз кірісін қалыптастыруына мүмкіндік беру, аппаратын күшейту сияқты оң өзгерістер жүрді.

Әйтсе де, алғашқы кезеңдегі қателіктерді қайталамау үшін, басталынған реформалардың аяғына дейін жеткізілуі, күткен нәтижені беруі, жасалынған өзгерістердің тиімділігін ұдайы бағалау және бұл салада алдағы уақытта шешілуі тиіс проблемалық мәселелерді анықтау маңызды. Қоғам әр уақытта эволюцияланатын жүйе, оның дамуына сәйкес заманауи талаптар мен сын-қатерлердің мәні мен түрі ауысатындықтан, жергілікті билік институттарының уақыт талабына бейімделуі, оған орай трансформациялануы өзекті. Сол себепті заманауи процесстерді, халықтың талабын және басқа елдердің тәжірибелерін ескере отырып үкімет жоспарлаған/жасаған реформаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасап, кемшіліктерді дер кезінде анықтап, басқару субъектілерін заман талабына орай дамытып отыру пайдалы. Сондықтан «биліктің ең төменгі иерархиялық сатысында демократиялық құндылықтарға сай тиімді жұмыс жасайтын саяси-әкімшілік басқарудың ұйымдық-құрылымдық моделін қалыптастыру мәселесі өзекті тақырып болып табылады».

Қазақстанның аумақтық құрылымында биліктің ең төменгі сатысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктерге ауылдық округтер, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар жатады. Бұл әкімшілік-аумақтық бірліктердің мәртебесі бөлек болғанымен, «жергілікті басқару» аталатын құрамда саяси-әкімшілік басқару формасы ұқсас.

Осы мәселені зерттеу жолында билікті орталықсыздандыру, демократияны дамыту, халықтың өкілеттілігін кеңейту т.б. факторлар тұрғысынан «жергілікті өзін-өзі басқару» мәселесі өте өзекті және жеткілікті зерттелмеген. Зерттелмеу себебі бұл жүйені ел өміріне біртіндеп енуі себепті.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің әлемде кең тараған үш моделі бар екендігі белгілі, олар англосаксондық, құрлықтық еуропалық және кеңестік.

Мақсат –Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының тарихи және қазіргі ерекшеліктерін ескере отырып ауылды басқарудың тиімді моделін қалыптастыру тетіктерін қарастыру.

Қазақстан ауылдарының ел өміріндегі тағы бір маңызы тарихи-дәстүрлік тұрғыдан келіп шығады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей: «Ауыл дегеніміз – сайып келгенде, халықтың тұрмыс салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары. Осынау саяси-моральдық және әлеуметтік факторлардың өзі-ақ бізден ауылға барынша байсалды қарауымызды талап етеді. Кез келген революциялық сілкіністер кезінде ауырсындыратын өзгерістер ауыртпалығының ауылға түсетіні мәлім, әрі мұны тарих та дәлелдеп отыр. Мұны Қазақстан да бастан кешті. Біз кез келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз» [2].

Экономикалық қауіпсіздік тұрғысынан ауылдың алар орны маңызды [3]. «Азық-түлік қауіпсіздігі ұғымы» [4] өзекті мәселеге айналған дәуірде халықты азық-түлікпен негізгі қамтамасыз етуші ауылдың шаруашылық өнімділігі айрықша мәнге ие. Сондықтан халықтың негізгі азық-түлік өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыру және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – шаруалардың маңызды миссияларының бірі [5]. Алайда, мемлекет те шаруалардың қоғамдық-саяси процесстерден шет қалмауына, азаматтық өмірге белсене қатысуына жағдай жасауы керек.

Ұлттық экономикада әрдайым үлкен орны бар ауыл шаруашылығын дамыту тұрғысынан да ауылдың маңыздылығы өзекті. Әлі де экономикалық өнімділік тұрғысынан зор әлеуетке ие ауылдық аумақтардың дамуы, ел экономикасын әрі қарай ілгері дамыта алады. Әрине, ғылым мен техниканың жаңалығын пайдаланып ауылда қазіргідей көп халық тұрғызбай-ақ, бұдан әлдеқайда аз еңбек күшімен ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға болады. Бірақ, бәрібір болашақта ауылдық аумақтарда тұратын 20-30% халықты (жалпы халыққа шаққанда) басқарудың тиімді моделін қалыптастыру керек.

Мемлекет үшін маңыздылығы анық көрінетін ауылдық елді мекендердің басқарылуы, ондағы саяси институттың қызметі және олардың тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету өзекті. Өйткені ауылдық аумақ пен қалалық аумақ арасында мемлекеттік қызметті алу; қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық даму; географиялық, физикалық орналасу т.б. ерекшеліктер тұрғысынан үлкен айырмашылықтар бар. Атап айтқанда: қалалық және қалаға жақын аумақтармен салыстырғанда ауылдық аумақтарда жол, телекоммуникация және басқа

да мемлекет жеткізуі тиіс инфрақұрылымдар нашар дамыған деп есептелінеді; ауылдық аумақтар тауар айырбасы жасалынатын нарық орталықтарынан және саяси шешімдер – әкімшілік саясат пен стратегиялық даму жоспарлары қабылданатын мекендерден физикалық, саяси және экономикалық тұрғыдан оқшауланған [6, 2 б].

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, өтпелі кезеңде жасалынған жергілікті басқару саласындағы реформалардың нәтижесінде ауылдық елді мекендерді басқарудың қазіргі ұйымдық-құрылымдық моделі қалыптасты. Ол бойынша, ауылдық деңгейде жергілікті мемлекеттік басқару тек қана атқарушы органнан тұрады, биліктің ең төменгі сатысында өкілді орган (мәслихат) жоқ. Ауылдық деңгейдегі жергілікті атқарушы мемлекеттік орган қызметін ауыл әкімі мен оның аппараты атқарады.

Қазіргі таңда, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдардың әкімдері сайлау жолымен билікке келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 24 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығына [7] сәйкес, аудан әкімі тиісті әкімшілік-аумақтың тұрғындарымен кеңесу арқылы ауыл әкімі лауазымына үміткер кемі екі кандидатты белгілейді. Тиісті кандидаттардың ішінен ауыл әкіміне лайықтысын аудандық мәслихат депутаттары 4 жылға сайлайды. Әкімдер корпусының ішіндегі сайлау жолымен билікке келетін тек осы деңгейдегі әкімдер ғана.

Ауыл әкімдерінің жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті функциялары мен міндеттері көп. Қазақстан Республикасының түрлі заңдары бойынша ауыл әкімдеріне 79 міндеттер мен функциялар жүктелген (1-қосымша). Қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының [8] 35-бабы бойынша «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі өзінің құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуы үшін жоғары тұрған әкімнің, аудандық (облыстық маңызы бар қалалық), республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының алдында жауап береді». Өз функциясын жүзеге асыру үшін ауыл әкіміне күшті аппарат керек, жоғарыдағы Заңның 38-бабына сәйкес: «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратын республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады» және «Әкім аппараты жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады».

Кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдер аппараттарының штат санының лимиті 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 Қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 411 қаулысымен [9] бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына 2-қосымша» [10] бойынша анықталады (Кесте 1).

Кесте 1

Ауыл әкімі аппаратының штат саны

Әкімшілік-аумақтық бірлік халқының саны (мың адам)	Әкімдер аппараттарының штат саны (бірлік)	Оның ішінде әкімдердің орынбасарлары (бірлік)
Кент, ауыл, ауылдық округ		
1,5-ға дейін	3-5	
1,5-нан 3-ке дейін	5-7	
3-тен 5-ке дейін	7-8	
5-тен 10-ға дейін	8-10	1
10-нан 20-ға дейін	10-15	1
20-дан 40-қа дейін	15-18	2
40-тан астам	18-20	2

Кестеден байқалатыны, ауыл әкімдері аппараттарының штат саны, әкімшілік-аумақтық бірліктің халық санына қарай өзгереді. Елдегі бірқатар аудандардың ресми веб сайттарындағы қарастырып қарамағындағы ауылдық округтер туралы мәліметтерді талдай келе, шағын ауылдық округ әкімі аппаратының штатында көбіне мынадай лауазымдардың болатындығын байқауға болады: іс қағазын жүргізуші маман, есепші маман, ветеринар маман, салық жинаушы маман. Бұлардан басқа техникалық қызметкер санатындағы мамандар бар, олардың да саны әкімшілік-аумақтың демографиясына байланысты өзгереді. Заңға сәйкес ауыл әкімінің аппараты жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болғандықтан, ондағы штат саны мен лауазымдық қызметтердің түрі облыстарға қарай да өзгеруі мүмкін. Ауыл әкімдігінің тек штат санына ғана емес, сонымен қатар жабдықталуына, жетерліктей қаржыландырылуына, қызметінің сапасына т.б. жағдайына облыстық, аудандық билік органдарының ауылдық аумақтарды дамытуға қатысты ұстанған саясаты үлкен ықпалын тигізеді.

2013 жылғы 13 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Жоғарыда айтылған Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар:

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне:

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)»

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне;

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңына;

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына;

«Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңына;

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына енгізілген жаңалықтарға сәйкес ауылдық округ әкімінің ұйымдастырушылық құзыретіне келесілер енеді:

✓ басқаруына берілген аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (жалдауға) береді;

✓ берілген коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

✓ берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

✓ берілген аудандық коммуналдық заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асырады;

✓ жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілетін, басқаруына берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін келіседі;

✓ басқаруына берілген коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілейді;

✓ берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджеттен қаржыландырылуының жеке жоспарларын бекітеді;

✓ кіріс көздерін қалыптастырады;

✓ бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органда әкімдердің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруына бағытталатын ақшаны есепке жатқызуға арналған, жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотының ашылуын қамтамасыз етеді;

✓ бюджет қаражаттарын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша қызметкерлер қабылдайды;

✓ жергілікті қоғамдастықтың жиналысында келісілгеннен кейін жергілікті өзін-өзі басқарудың ақша түсімдері мен шығыстары жоспарын бекітеді;

✓ мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді.

Ауылдық округ әкімдері жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыруға құқылы.

Бүгінгі күні ауылдық округ әкімі:

- мүгедектерге көмек көрсетуді ұйымдастырады;
- қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады;

- дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

- мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

- мүгедектерге қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;

- халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

- ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

- әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаны әзірлеу кезінде жергілікті қоғамдастық жиналысының талқылауына жергілікті маңызы бар мәселелерді Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында көзделген бағыттар бойынша қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды шығарады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 жылғы 14 желтоқсан. ҚР Президентінің ресми сайты: <http://akorda.kz/>

2. Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы. 2002 жылғы сәуір "Егемен Қазақстан" 2002 жылғы 30 сәуір N 96.

3. Rural economies: The basis of food security.

4. Simon G.A. Food Security: Definition, Four dimensions, History. Basic readings as an introduction to Food Security for students from the IPAD Master, SupAgro, Montpellier attending a joint training programme in Rome from 19th to 24th March 2012. March 2012.

5. Григоруков В. Сельские территории Казахстана на стадии глобальных преобразований. // Никоновские чтения, Выпуск № 16 / 2011. С. 422-424.

6. Johnson C. (2001) Local Democracy, Democratic Decentralization and Rural Development: Theories, Challenges and Options for Policy (Draft). Forthcoming Development Policy Review.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 24 сәуіріндегі «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығы.

8. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы.

9. «Министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың штат саны лимиттерінің кейбір мәселелері және кейбір мемлекеттік мекемелерді тарату туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 411 Қаулысы.

10. «Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 Қаулысы.

НАЦИОНАЛЬНАЯ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ ЗАКОНОМЕРНОСТЬ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ СТРАНЫ

Кирдасинова К.А., Жунусова А.Ж.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: sh.altyn@gmail.ru

Безопасность – это состояние надежной защищенности жизненно важных интересов и коренных основ существования личности, общества и государства, а также мирового сообщества от внутренних и внешних угроз, при котором создаются необходимые условия для их существования, функционирования и развития [1, 2].

Для Казахстана весьма актуальна проблема укрепления национального суверенитета и территориальной целостности, формирования эффективно функционирующей системы национальной безопасности, включающей взаимосвязанные подсистемы экономической, энергетической, экологической и продовольственной безопасности.

Экономическая безопасность - это такое состояние национальной экономики, при котором обеспечиваются защита национальных интересов, устойчивость к внутренним и внешним угрозам, способность к развитию и защищенность жизненно важных интересов людей, общества, государства. Под жизненно важными интересами в данном контексте понимают совокупность потребностей, которые обеспечивают существование и прогрессивное развитие личности, общества, государства. Экономическая безопасность является одной из составляющих национальной безопасности, которая охватывает также оборонную, экологическую безопасность и т.д.

Объектами экономической безопасности является государство, общество, граждане, предприятия, учреждения и организации, территории, отдельные составляющие экономической безопасности. Основным субъектом экономической безопасности выступает государство, которое осуществляет свои функции в этой области через органы законодательной, исполнительной и судебной ветвей власти. В системе экономической безопасности определяющую роль играют национальные экономические интересы, их приоритеты. Для определения национальных экономических интересов необходимо: анализ текущего состояния экономики и выявление тенденций развития; моделирования и прогнозирования социально-экономического развития; корректировке мер государственного регулирования с целью достижения желаемых целей. В указанных действиях особо важной является разработка системы экономических показателей, которые бы предоставляли количественную оценку социально-экономического развития страны. их обязательно надо отражать в действующей статистике.

Основными задачами экономической безопасности являются: обеспечение пропорционального и непрерывного экономического роста, обуздание инфляции и безработицы, формирование эффективной структуры экономики и развитого рынка ценных бумаг, сокращение дефицита бюджета и государственного долга, обеспечение социальной защиты и повышения качества жизни населения, поддержание устойчивости национальной валюты и т.п. Эти задачи определяют стратегию экономической безопасности как формирование и обоснование стратегических приоритетов, национальных интересов, средств и механизмов решения проблем.